



Ордалы 30 ЖЫЛ

16 НАУРЫЗ

16 наурыз, сейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

● ПРЕЗИДЕНТ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА ЕКІ ТАРАП ТА МҮДДЕЛІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев
Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен
телефон арқылы сөйлесті.

Мемлекет басшылары Орта-Азиядағы ахуал жөнінде пікір алмасып, стратегиялық маңызы зор өңірдегі қауіпсіздікті, тұрақтылықты және өркендеуді қамтамасыз ету мақсатында ауқымды әрі жемісті ынтымақтастыққа екі тараптың да мүдделі екенін нақтылады.

Екі елдің үкіметтері өзара сауда-экономикалық, гуманитарлық ынтымақтастықтың негізгі мәселелерін шешу бойынша келісілген жұмыстарды жалғастыра береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы әуежайы маңында орын алған әуе апатынан адамдардың қаза болуына байланысты көңіл айтқаны үшін Өзбекстан басшысына ризашылығын білдірді. Президенттер бір-бірін келе жатқан Наурыз мерекесімен құттықтап, Қазақстан мен Өзбекстан халықтарына бақ-береке тіледі.

● МЕРЕЙ

ЖЫР ДҮЛДҮЛІ – 65 ЖАСТА

Қармақшыдағы Ш.Төлепова атындағы аудандық мәдениет үйінде санитарлық талаптарды сақтай отырып, Алмас Нұрмаханұлының 65 жасқа толу мерейтойына орай «Жауһарлы жырдың тұлғалы перзенті» атты кездесу өтті.

Аудан әкімі Мұса Қалдарбеков талантты өнер қайраткерін құттықтап, сый-құрмет жасады.

Жыраулық өнерді дамытып, кейінге жеткізудегі еңбегіңізді халқыңыз жоғары бағалайды. Қаншама шәкірт тәрбиеледіңіз. Бұл – ұрпаққа ұлағат, ұлттың сарқылмас байлығын асқақтату жолы. Әркез мерейіңіз үстем болсын! – деді аудан басшысы.

Сонымен қатар мерейтой иесін облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов пен профессор Қазыбай Құдайбергенов құттықтап, тілектестік білдірді. Даңқты жырау, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Алмас Нұрмаханұлының дәстүрлі жыр көшін жалғастырып жүрген танымал шакіртері Шолпан Бимбетова, Руслан Ахметов, Майра Сәрсенбаева, Серік Жақсығұлов, Күнсүлу Түркіпен және Мұхамедәлі Бекпейісовтер жырдан шашу шашты.

Жыр көшін Алмас Нұрмаханұлы қорытындылады.

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ: ЖИНАҚТЫ ЖҰМСАУДЫҢ ЕРТЕҢІ ҚАЛАЙ БОЛМАҚ?

Қызылордалық Айдос Куанышев жуырда зейнетақы жинағының бір бөлігін мерзімінен бұрын алды. Қаржы кең үйге көшіп, оның құнының тең жартысын жабуға жетті. – 2004 жылдан бері Атыраудағы мұнай компаниясында жұмыс істеп келемін. Жалақы тәуір әрі тұрақты болғасын қорда едәуір ақша жиналыпты. Қолыма тигеніне 15 млн теңгенің пәтерін сатып алдым. Бұрынғыдан әлдеқайда жаңа. Іші кең, тыныш әрі қауіпсіз ауданда орналасқан. Отбасым мәре-сәре, – дейді кейкеріміз.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Жиған-тергенің жеткілікті шектен асқанын алу Айдос үшін еш қиындық туғызған жоқ. Қорға өтініш қалдырғаннан кейін ол 3 күнде қолдау тапты. Оператор банк менеджерлері баспаналы болу жолын көрсетіп, бір аптадай жүгірген еңбегі еш кетпеді.

Кейіпкеріміз сияқты қордағы ақшасын ала алатын қазақстандықтар саны бір деректе шамамен – 760 мың, енді бір мәліметте 721 мың делініп жүр. Алайда оның жеткілікті шектен асқаны бәрінің бірдей үй сатып алуына жетпейді. Жеткілікті шек – салымшының қордағы есепшотында қалуы тиіс жинақ ақшасының ең төменгі мөлшері.

Мысалы:
20 жас – 1 млн 710 мың теңге;
25 жас – 2 млн 90 мың;
30 жас – 2 млн 500 мың;
35 жас – 2 млн 940 мың;
40 жас – 3 млн 420 мың;
45 жас – 3 млн 930 мың;
50 жас – 4 млн 470 мың;
55 жас – 5 млн 60 мың;
59-62 жастағы салымшы үшін – 5 млн 560 мың теңге.

Жинақтың бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсартуға, тегін медициналық көмектің берілген көлеміне кірмейтін ем ақысын төлеуге, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға, жекеменшік басқарушы компанияларға инвестициялық басқаруға беруге пайдаланса болады. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының 10 наурыздағы мәліметінше, баспана бабын жасауға байланысты 142 237, емге жұмсау жөнінде 1176 өтініш мақұлданды. Зейнетақы портфелін басқарушыға аудару бойынша 554 өтініштің 451-і өңделіп жатыр. Оның 42 проценттен астамы – Алматы, шамамен 20 проценті – Нұр-Сұлтан қалаларының, 4,9 проценті Қарағанды облысының тұрғындарынан түсті.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалы директорының орынбасары Алмас Сәрсенбаевтың айтуынша, 32 мыңға жуық жерлесіміз



жинағын мерзімінен бұрын алу мүмкіндігіне ие. Бұл – барлық салымшының 7,7 проценті. Қолына ақша тигендер оның ипотекалық несиені жабуға жеткеніне риза.

Облыс орталығының тұрғыны Бауыржан Қалдыбекулы үй алардағы қарызынан құтылып, мойнынан жүк түскендей күйде.

– 15 жылдан бері қорға ақша түсіп келеді. Жеткілікті шектен асқанына ипотекалық несиенің жартысын қайтардым. Әйтеуір, банк алдындағы берешектің азайғанына қуандым, – дейді ол.

«Отбасы банк» өтінішін қанағаттандырамын 154 қызылордалықтың мысалы Бауыржанның жағдайына ұқсас. Өйткені салымшыларда жаппай үй алатын шама жоқ. Көбінің талай жыл тірнөктеп жиғаны мардымсыз. Сондықтан бірді бірге қосып амалдауға мәжбүр.

«Отбасы банк» АҚ облыстық филиалының бөлім басшысы Айжан Аралбай ақша берілетінін естіген бойда жұрттың бірден банк-

келіншегіме аударам деп ойлады. Бұл да – өрескел қате, – дейді А.Аралбай.

Қашпаған қашардың уызынан дәмәтіп сан соққандар жоқ емес. Шотына ақша түспей жатып үй таңдап, оның иесімен сату-сатып алу келісімшартын жасасқандар екі есе шығындалады. Жүгірісі өз алдына, нотариусқа қомақты қаржы төлейді. Сол себепті мамандар халықтан асығыстыққа бармай, аяқты аңдай басуды сұрайды.

Зейнетақы қорындағы жинақ қаржыны уақытынан ерте алуға мүмкіндік туғанда тұрғын үй нарығы құбылып шыға келді. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, өткен жылдың ақпан айымен салыстырғанда қолданыстағы тұрғын үй бағасы биыл ақпанда 20 процентке қымбаттады. Жаңа пәтер құны 8 процентке жоғарылады. Мемлекет басшысы «Жылжымайтын мүлік нарығында бағаны ұстап тұру үшін қажетті шаралар қабылдау керек. Қазір үй бағасының өскені туралы барлық жерде жазылып жатыр. Сондықтан мемлекеттік органдар халық пен құрылыс компанияларына түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, нарықтағы алысатар операцияларды тоқтатуы керек» деген еді. Әзірге мұның екпіні көрінетін емес. Әлде құлығына құрық бойламайтын кейбір құрылыс компанияларына бәрібір ме?

– Мемлекет үй алу жолдарын, жеңілдіктер қарастырылғанымен, облыс, аудан орталығынан, мегаполис қалалардан пәтер алу оңайға түспейді. Еліміз бойынша 500 мыңнан астам адам пәтер кезегінде тұр. Президент алғашқы Жолдауында азаматтардың әлеуметтік әл-ауқаты ең әуелі тұрғын үй мәселесімен тығыз байланысты екенін айтты. Бұл мәселені шешу үшін зейнетақы жинағының бір бөлігін алуға мүмкіндік жасалды. Бірақ бұл баспанаға зәру жандар үшін қолжетімсіз. Өйткені олар негізінен – 30-45 жас аралығындағы жастар және халықтың осал тобы. Сол себепті дәл осы топ өкілдерінің жеткілікті шекті жинауы қиын, – дейді экономика ғылымдарының магистрі Гүлшат Мұсаева.

Мұндай бастама қолданысқа Сингапур, Австралия мен Малайзия елдерінің тәжірибесі негізінде енгізіліп отыр. Халықаралық сарапшылар Сингапурда тұрғын үй бағдарламасының осылайша өте табысты жүргенін алға тартады. Жергілікті халықтың 90 процентінің жеке баспанасы бар және соның 80 процентін мемлекет салып берген.

– Зейнетақы жинағының бір бөлігін бүгін пайдалану адамның болашақтағы қаржылық жағдайына әсер етеді. Мысалы, осындай жағдайға тап болған сингапурлық қарттардың үйі болғанымен, қартайғанда аз зейнетақыны місе тұтуға мәжбүр. Бұл бізге де қатысты. Сондықтан жинақтың бір бөлігін қазір қолдануды немесе басқаша шешімді әрбір азамат ерікті түрде қабылдауы шарт, – дейді Г.Мұсаева.

● #ЖАҚЫНЫҢАЖАНАШЫРБОЛ

ПАНДЕМИЯМЕН ӨТКЕН БІР ЖЫЛ

Осыдан тура бір жыл бұрын, яғни 2020 жылғы 16 наурызда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде төтенше жағдай режимін енгізді. Содан 5 күн бұрын Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы коронавирусты пандемия деп жариялап, үш күн бұрын Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында індет жұқтырған адамдар анықталған еді. Төтенше жағдай 16 наурыз сағат 8:00-ден бастап 15 сәуір сағат 7:00-ге дейін созылады деп шешілді.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»

● БІРАҚ...

10 сәуірде Президенттің төрағалығымен өткен Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысында төтенше жағдай режимі сәуір айының аяғына дейін созылатыны белгілі болды. 27 сәуір күні жаңа жарлыққа сәйкес режим 11 мамырға дейін ұзартылды. Осыдан соң вирустың таралуы 7 есеге дейін өсті. Эпидемиологиялық ахуалды ескере отырып, мемлекеттік комиссия 5 шілдеден бастап 14 күнге тағы да шектеу енгізді. 13 шілдеде коронавирус індетінен қайтыс болғандарды еске алу – жалпыұлттық аза тұту күні болып белгіленді. Содан бері өткен уақыт аралығында аурудың өршуі мен төмендеуіне қарай карантин талаптары біресе қатаңдатылады, біресе босанды. Ауру әлі де айылын жиған жоқ.

ДСҰ мәлімдегендей, шамасы, «коронавируспен бірге өмір сүруге тура келетін» сияқты.

Негізі о баста, яғни 19 наурызда Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында карантин енгізіліп, адамдардың бұл қалалардан шығуы мен кіруі шектелді. Кейін бұл шектеулер бүкіл елге тарады. Үлкен сауда орындары жабылып, тек азық-түлік дүкендері мен дәріханалар жұмысына ғана рұқсат берілді. 22 наурыздан бастап аталған қалалардан шығатын жолдар толығымен жабылды, әуе және теміржол қозғалысы тоқтатылды.

Кешегі күнгі есепке қарағанда, пандемия басталғалы еліміз бойынша коронавируспен шалдыққандардың жалпы саны 224 731 болса, аймақ тұрғындарының арасында 3918 адам тіркелді.



17 НАУРЫЗ

1995 жылы журналистика саласының Жалпыұлттық «Алтын жұлдыз» атты сыйлығы тағайындалды. 2001 жылдан бастап «Алтын Жұлдыз» Қазақстан Журналистика академиясының ресми сыйлығы.

1995 жылы Президент Жарлығымен Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы құрылды.

2011 жылы ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес «Бұйрату» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы құрылды.

2013 жылы Семей қаласының шеберлері Түркістанда Ахмет Яссауидің кесенесінде орнатылған қола таққазанның көшірмесін жасады. Оның диаметрі – 2,45 м, салмағы – 2 тонна.

2014 жылы ҚР Ұлттық Банкі номиналы 100 теңге «Бразилиядағы 2014 FIFA футболдан әлем чемпионы» «groof» сапасымен естелік күміс монетаны айналымға шығарды.

● ТІЛСІЗ ЖАУ

ӨРТ ӨРШІП ТҰР

Өкінішке орай, күні кеше тағы бір суыт хабар жетті. Жантүршігерлік жағдай түс әлетінде, сағат 12 жарымдар шамасында Қармақшы ауданының орталығында болды. Жосалыдағы жер үй апсәтте қызыл жалынға оранып, отбасы мүшелерінің демі үзілді.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Аудандық бөлімнің 14 қызметкері 3 көлікпен оқиға орнына барды. Газ баллонының жарылуынан сол кезде баспананың бір қабырғасы құлап, толығымен жанып жатқан. 4 адамның денесі үйінділер астында қалып қойған. Көрісіннің миына зақым келіп, аудандық ауруханаға түскені анықталды, – деді облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының міндетін атқарушы Руслан Қайрақбаев.

Марқұмдардың туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, Сыр елі жұртшылығы атынан облыс әкімі көңіл айтты. «Бұл бәрімізге оңай тиген жоқ. Осыған байланысты мәселе менің тікелей бақылауымда. Өрттен, судан, басқа да апаттан аман болайық, жерлестер!» – деді Гүлшара Әбдіқалықова Facebook әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында.

БӘРЕКЕЛДІ

Жаңашылдыққа жаны құмар, танымдық білімін арттыруға ниетті жастарға арналған «Елбасы медалінің» қола жүлдегерлері анықталды.

«Елбасы медалін» 62 оқушы иеленді



Салтанатты шарада білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова жоба аясында белсенділік танытып, өз қабілетін көрсете білген озық ойлы оқушыларға сәттілік тіледі.

Әкімдері табыстайтын болады, – деді басқарма басшысы. Университет, колледж, мектеп оқушылары арасынан жобаға қатысып, талаптарды үздік орындаған оқушылар лайықты құрметке ие болды.

«СБ» ақпарат

ЫНТЫМАҚ

Көңілге шаттық сыйлады



Бұл әуезді әуен, толассыз тілек пен көңілге шаттық сыйлаған кеш болды. Масленица мерекесінде «Достық үйіне» барша этномәдени бірлестік мүшелері жиналды.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»

Масленица – қысты шығарып салу мен көктемді қарсы алу мерекесі. Мейрам кезінде міндетті түрде қуймақтың түр-түрі пісіріледі. Ол шеңбер тәрізді, яғни күн пішінін бейнелейді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР

Қамшыбектің алтыны

Германияның Кельн қаласында боксшылардың халықаралық турнирі мәресіне жетті.

Қазақстан сапынан 91 келіде Айбек Оралбай алғашқы алтынды алса, 91 келіден жоғары салмақта жерлесіміз Қамшыбек Қоңқабаев дара шықты.



2017 және 2019 жылдары Әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанды. Токио Олимпиадасының жолдамасы иегері. Кәсіпқой бокста жекпе-жек өткізгеніне қарамастан, ол аталған дүбірлі додала бақ сынау мүмкіндігін жоғалтқан жоқ.

«СБ» ақпарат

Өрт өршіп тұр

Осы сияқты оқиға 9 наурыз күні түнде Қызылорда қаласындағы «Сабалақ» саяжайында тіркелді. Құтқарушылар оған пештегі ақау әсер етуі мүмкін деп отыр.



қарушылар үшін қауырт болды. 1 қаңтарда қаланың «СПМК-70» шағын ауданында аулада тұрған темір тұлпар өртенді.

наққа келсе керек. Үшіншісі – 53 жастағы қара жұмысшы. Үй егелері газ баллонын шампадан тыс толтырған.

I-бет

раған түні де тіркелді. Қаланың әл Фараби шағын ауданындағы «времякада» тұтанған тілсіз жау бесіктегі сәбидің өмірін жалмады.

Ол отпен ойнап, бүтін бір отбасы онык жеген жағдайлар бар, – дейді Ә.Баякеев.

Құрылым қызметкерлерінің үй-үйді аралап, осының бәрін құлаққа құюының кемі жоқ. Көмірқышық газын анықтайтын құрылғыны орнату жұмысын да қарқынды жүргізіп жатыр.

Жылу беру маусымының тоқтауына әлі бір ай бар. Жер үйлерде пеш жағу жалғаса береді.

ӨНЕР

Ән қүдіреті



Өнер дегеніміз өмірдің өзі. Титтей кезінен музыка үніне құлағын тосып, оның құдіретін жүрегінен өткізе білетін қабілет дарыған қаршадай қыз домбыра шертетіні бар ағасының қасынан қалмай жүріп осы аспапты үйреніп алыпты.

Құлындай даусына қоңырлап шығатын домбыраның үні қосылған соң көңілге кәдімгідей шабыт қонып, өнерге біртабан жақындай түскен сынайды.

1998 жылы Жаңақорған ауданы, Байкенже ауылындағы №193 орта мектебін тәмамдаған жас Қазанғап атындағы музыкалық колледжге оқуға қабылданды. Оқу орнын 2002 жылы бітіріп, туған ауылындағы мектепке музыка пәні мұғалімі болып орналасады.

Жаңақорған жұртшылығына әнші ретінде танымал Құралай балғын кезінен «Әнші балапан», «Жас қанат» байқауларында бағын сынап, үлкен өнерге талаптың барын көрсеткендігіне көңіліміздің бір түкірінде тұр.

Есейе келе, қазақтың халық әндерін орындауға деген ерекше жан құштарлығын ұштай түскен Құралай өзінің салмақты мінезімен астақан биік тембрлі даусымен «Алқоңыр», «Гауһартастас», «Қызыл бидай» сынды әуендерді әуелеткенде бойына керемет қуат құйылып, жан дүниесінің құлпырып кететінін аңдады.

Қазақтың даласы қандай кең болса, әндері де сондай кең тынысты. Бұл – өзге көп халықта жоқ ерекшелік.

Өнер өлкесінде Құралай Әлиеваның өзінің жеткен жетістіктері де көп. Ол жақында ғана өткен Нағызхан Жаманбаев атындағы онлайн байқауда 1-орынды алып, әріптестерін тағы да мойындады.

Әйел жаны мың бұраулы. Оны қолындағы тоғыз пернелі домбырасының толғауы да жеткізе алмайды. Бір бойында қаншама қасиет тұнған қаракез бар арман-аңсары, үміт-тілегімен сол өзі жаққан оттың басын көңілінің күйімен күншауққа айналдырып қамында қажымай-талмай еңбектенуді ғана мұрат тұтқан сынайды.

Баян УСЕЙІНОВА. Жаңақорған ауданы



«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru